



УДК 94 (574)

Ғ.М. Қарасаев

ШҚМТУ, Өскемен қаласы

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ӨңІРІНІҢ ТАРИХЫ
РЕСЕЙ ӘСКЕРИ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА, МАҢЫЗЫ**

XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап патша әкімшілігі мен Қытай үкіметі арасындағы жасалған бірнеше келісімдерден кейін Ресейге осы мемлекетпен екі арадағы үнемі даулы болып келген көптеген шекаралық аймақтар қарады. Мысалы, «1864 жылғы Қытаймен екі арадағы жасалған «Шұғышак» келісіміне сай Ресей қарамағына едәуір аумақ, атап айтқанда, 64000 көшпелі халықтан тұратын 25960 шаршы шақырым жер өтті. Оған Бұқтырма өзенінің жоғарғы аңғары, Күршім аймағы, Зайсан көлі, Ертіс өзенінің жекелеген аймақтары, Зайсанның оңтүстігінен Тарбағатай тауларына дейінгі өңірлер жатты... 1881 жылы Петербургте Ресей мен Қытай арасында жаңа келісім жасалынып, осының негізінде ... Оңтүстік Алтайдағы Киитын тауларынан басталатын Аққаба, Алқабек өлкесі арқылы Қара Ертіске дейінгі үлкен аймақ Ресей қарамағына өтті» [1]. Осы мерзімнен бастап орыс әкімшілігі аталған өңірлерді әскери, шаруашылықтық тұрғыда игеруді бастады. Бұл жерлерді әскерилендірілген орыс-казактар мен шаруаларға беру қолға алынды. Жаңадан бекіністер, станицалар мен шекара жүйелері салынды.

Қытаймен екі арадағы шекараға айналған өңірдің табиғатын, халқының саны мен шаруашылығын, олардың Ресей әкімшілігіне деген қатынасын, сонымен бірге жаңа шекаралық шептер, бекіністер салу мүмкіншілігін т.б. анықтау мақсатында соңғы қосылған аймақтарға бірнеше әскери экспедициялар жіберілді, әскери қызметкерлердің зерттеулері ұйымдастырылды. Олардың қорытындысы жарияланып отырды, атап айтқанда: 1910 жылы Омбы қаласында басылып шыққан округ штабының бастығы генерал-лейтенант Тихменевтің басшылығымен іске асырылған экспедицияның қорытындысы бойынша жасалған бас штаб офицері подполковник Грудзинскийдің есебінде басқа да мәліметтермен бірге қазақ халқының шығу тарихы, олардың мекендеген жерлері, қоныстандыру барысына арналған бағалы анықтамалар мол.

Грудзинскийдің осы зерттеулерінде: «1581 жылы Сібірдегі Күшік ханның ордасын талқандау Азиядағы орыс иелігінің негізделуіне бастау болды. Осы уақыттан бері Ертіс, Обь өзендері аңғарындағы аборигендер - фин және түрік тайпалары жаңа жерлерді жылдам қарқынмен жаулай бастаған неғұрлым күшті, көпсанды және мәдениетті славяндарға бағынуға мәжбүр болды. Бұл иелену қазіргі күнге дейін жалғастырылып келеді. Қоныстанушылар аталған өңірдегі орыс тұрғындарының пайдалануына арналған жерлерді кеңейту мақсатында бұрын мекендеген халықты солтүстік және оңтүстік аймақтарға ығыстыруда.

... Сібірді отарлау саясатының тарихында мемлекеттік шаралар негізінде жүргізілген қоныстандырумен қатар алдымен өзендер маңайын иеленумен басталған өнеркәсіптік

және жаппай халықтық игеру қатар жүргізіліп ... ішкі өңірге қарай кеңейе түсті», - деп жазылған [2].

Грудзинский бұрын қазақтардың мекені болған Батыс Сібір өңірін алғашқы қоныстанушылардың тарихы мен бұл өңірді игерудің кезеңдерін де атап көрсеткен. Оның жазуынша: «... Сібірді әскери қоныстандыру мемлекеттік тұрғыдағы міндеттер негізінде осы аймаққа алдымен қылмыскер топтарды (1593 жылдан бастап жер аударыла бастады), одан кейін өздерінің діни, сонымен бірге саяси көзқарастарына орай Ресейдің мемлекеттік және шіркеулік саясатына сай келмеген ... Ресейдің батыс өңірлерді отарлауына қарсылық білдірген ... бүлікші бұратана халық өкілдерін шалғай Сібірге жазаларын өтеу ретінде жіберу арқылы жүзеге асырыла бастады. Осы топқа 1645 жылға дейін Сібірге жер аударылушылардың жартысын құраған тұтқын поляктар, латыштар, немістер, шведтер, малоросстар жатты.

... орталық губерниялардағы шаруалар жерінің аздығы, сонымен қатар жаңа жерлерді иеленуге деген құлшыныс (1806 жылғы қоныс аудару туралы алғашқы ереже) өткен ғасырдың (XIX ғ.-Ф.Қ.) 80-жылдарында жүйесіз түрде біресе бәсеңдей, біресе күшейе отыра Ресейдің орталық өңірлері тарапынан қазіргі күнгі бос жерге деген ұмтылыстың әсерінен ерекше сипат алып отыр.

... 1902–1903 жылдардағы мәлімет бойынша Тоболь және Томск губерниялары тұрғындарының 75% орыстар болса, Ақмола, Семей облыстары тұрғындарының 25%-дан астамы ғана орыстар. Қазіргі күні бұл пайыздық қатынас осы көрсетілген екі облыстарда орыстар пайдасына қарай өзгере бастады» [2].

Осы айтылғандардан зерттеу экспедициясының негізгі мақсаты - қазақ өлкесіне орыстарды көптеп жіберу тұрғысында болғандығы айқындала түседі.

Шығарманың «Қырғыздар» атты тарауында қазақ халқының шығуы, қазақ хандығы, оның Ресей империясының құрамына қосылу тарихына арналған жазбалар жинақталған. «Омбы әскери округінің оңтүстік-батыс бөлігі, - деп жазылған онда, - 921441 шаршы аршын аймақты немесе осы округтің $\frac{1}{3}$ қамтитын өңір ... Сібір қырғыздары облысы немесе

Орал және Торғай облыстарымен бірге «Қырғыз өлкесі» деп аталады.

«... 1905 жылғы санақ анықтамалары бойынша осы облыстардағы қырғыздардың саны 1140427 адам, 555981 адамнан тұратын басқа тұрғындардан (казактар, Сібір қоныс аударушылары) екі еседен астам көп, алайда қырғыз мәселесін зерттеушілердің едәуір бөлігі ... бұл өлкенің қырғыздардікі деп аталуын аталған жерлердің бос болып, басқа халықтардың кезінде оны мекендемеуімен ... байланыстырады.

Орыстар барша халыққа «қырғыздар» деген атау бергенімен бұл есім жабайы қырғыздардікі. Ал қалғандары өздерін «қазақтар» немесе «қайсақтар» деп атайды, алайда соңғысы бұрмаланған, дұрыс емес.

Округтің облыстарын мекендейтін олардың арғы аталары бірнеше түрік тайпалары: керей, найман, қыпшақ, алшын, арғындар болған. Аздаған мәліметтер бойынша көрсетілген тайпалар Азияның әр өңірлерін ертеден мекендеп келген. Бұл топ тілдері жағынан түріктік, моғолдық және тунгустық тармақтарға бөлінетін алтай тілдері тобына жатады.

XV ғасырдың ортасынан бастап қазіргі Жетісу және Ақмола облыстарының оңтүстік аудандарын мекендеп келген түркі тайпалары чингизидтердің (Шыңғысханның ұрпақтары) өзара жауласулары мен әлсіздігін пайдаланып, олардан бөлініп, “қырғыз –

қайсақ” немесе “қайсақтар” деп аталған көшпенділердің одағын құрады. Едәуір саяси күшке айналған бұл одақ кейін тарап кетті, одан арғы 200 жылдан кейін тарих сахнасына Ұлы, Орта, Кіші Орда деген атаумен одақ ретінде қайтадан оралды.

Алайда осы уақытта саяси сахнаға жоңғарлар (қалмақтар) шығып, оларға қырғыздар қарсылық көрсете алмай, жаулаушыларға бағынған бір бөлігі Арал және Каспий теңіздері өңірлеріне, келесілері солтүстікке ығысып ... Горькая жүйесіне таяп келді. Бұл жағдай кейбір қырғыз руларының орыстардың ықпалына өтуіне, оның билігін мойындауына әкеліп соқты. Одан кейінгі жүз жылдан артық уақытта қалған рулар да Ресей қарамағына өтті.

... Өлкенің екі облысын мекендейтін қырғыздар Орта жүзге жатады және рулар мен олардың бірлестіктерінен тұрады. 1868 жылы Ақмола және Семей облыстарының құрылуына орай қырғыздарды басқарудың қолайлы жүйесін енгізу үшін ... далалық облыстарды басқарудың уақытша ережесі қабылданды.

Көрсетілген ережеге сәйкес қырғыздар пайдаланып келген жерлер мемлекет меншігі деп жарияланып, оларға өзіндік салт-дәстүрлері негізінде пайдалануларына жалға берілді. Осы ережеге сай қырғыздарға белгілі көлемде өзіндік басқару, сайлау енгізілді және ясақтық салық төлеу түтін салығымен ауыстырылды. Облыстардағы азаматтық билік губернаторға жүктеліп (1908 жылға дейін әскери губернатор), Дала генерал-губернаторлығының құрамына енді. Облыстардың әрқайсысында бестен уездер негізделді. Уездер қырғыз және орыс тұрғындарынан тұратын болыстықтарға бөлініп, олар Ақмола облысында 55, Семей облысында 84 болды. Болыстықтар ауылдарға бөлінді, ауылдар әр түтіннен (жанұядан.-Ф.Қ.) тұрды.

... Орыс қоныстарынан шалғай орналасқан даладағы қырғыздарда қауымдық-рулық тұрмыс сақталған, ал олардың орыс шаруалары – қоныс аударушылармен тығыз араласқан аймақтарда көшпенділіктен егін шаруашылығына ауысқан және ... едәуір экономикалық табысқа жеткен.

... Қырғыздардың негізгі бөлігі аралас шаруашылықпен шұғылдана отыра, негізінен, егін шаруашылығына көшуге әзір. Соңғы топты сан жағынан үнемі өсіп келе жатқан жатақтар мен байғұстар құрайды. Бұлар әртүрлі жағдайларға байланысты малдарынан толық айрылып, көшпелі малшаруашылығымен айналысуды тоқтатқандар. Олардың бір бөлігі бай қырғыздарға жалданады, ал келесі бөлігі казак станицаларына барып, аса арзанға, теңсіздік жағдайда кез келген жұмысқа жалдануға мәжбүр болады. Өз туыстары, ауылдарымен мүлдем байланысты үзген қырғыздар арасындағы осы топ орыстардан пана тауып, болашақтарын солармен байланыстырады ...Аталған топ ... өз шаруашылықтарына оралмайды, әртүрлі жалдамалы кәсіппен, ұсақ саудагерлікпен айналысады, станицалар мен деревняларда қалып қояды.

... Спирт ішімдіктерін пайдаланбайды, тіпті қала маңайындағылар да бұл іспен айналыспайды» [2].

Яғни, әскери қызметкер Грудзинскийдің осы зерттеулері жерлерін орыс казактары мен шаруалары тартып ала бастаған немесе әскери бекініс аймағына айналдырған халықтың өткен тарихын, әлеуметтік, шаруашылық даму түрлерін білумен қатар империялық саясатқа орай болашақта оларды басқаруды белгілеу талабынан болғандығы да анық.

XX ғасырдың басында Қазақстанның шығыс аймағына жасалған осындай әскери экспедицияның қатарына 1912 жылдың жазында Бас штабтың капитаны Щепихиннің Батыс Қытайдың Тарбағатай округіне сапары жатады [3].

Капитан Щепихиннің сапарының негізгі мақсаты - Ресей империясының XX ғасыр басына дейінгі мемлекеттік шекаралары белгіленіп болмаған Қытаймен екі арадағы аудандардың табиғи ерекшеліктерін, жол қатынастарын, жергілікті халық тұрмысын т.б. анықтау болғандығы белгілі.

Соның ішінде Қытаймен шекаралас Зайсан көлі, Қара Ертіс, Тарбағатай тауы аймағын әскери мақсатта зерттеп, оның сипаттамасын жасауға да ерекше назар аударылған.

Сапар осы тұрғыда екі бөліктен тұрды:

1. Бақты бекінісінен Күзуін асуына дейінгі аймақтағы Қытай шекаралық аудандарына орналасқан халықтың санын анықтау, тұрмысымен танысу, жер атауларын айқындау.

2. Күзуін асуынан Тополев Мысқа дейінгі Ресейлік территориядағы өңірлердегі елді мекендерге, олардың табиғи ерекшеліктеріне, тұрғындардың шаруашылығына шолу жасау болды.

Капитан Щепихин өз сапары туралы былай деп жазады: «Округ штабының шешімі бойынша менің сапарымның негізгі мақсаты - Шәуешек қаласы мен Күзуін асуы аралығындағы Емел жазығы арқылы өтетін жолмен, Тарбағатай тауы арқылы сапар бойы суретке түсіре және мәліметтер жинай отыра бұл өңірдің өтушілік мүмкіндігі мен тұрғындары туралы анықтамалар жинау болды. Осы мақсатты іске асыру үшін анықталатын мекендер мен аймақтар белгіленіп берілді [3].

Щепихин іс жоспарына орай алдымен Қытай территориясындағы жергілікті қазақтар шаруашылығына, елді мекендерге сипаттама жасады. Оның жазуынша: «Тау етегіндегі барша хуторлар сияқты Амбесе хуторы да айналасындағы 30-50 десятина жерімен дұңғандардың иелігіне жатады. Оның жұмысшылары - бүкіл жанұяларымен жалданып, барша мүліктерімен, малдарымен жеке немесе ауыл болып тұратын қырғыздар. Олар жайылымдық жер бергені үшін және тағы да қосымша ақы алып, негізінен астық, помещиктердің барша жұмыстарын атқарады.

Егіс науқаны аяқталғаннан кейін егер қосымша жұмыстар болмайтын болса, қырғыздар ... ақыларын алып, Тарбағатай тауларындағы өздерінің қыстауларына кетеді.

Бұл кедейлердің алысқа көшулеріне мүмкіндіктері де, оған деген қажеттіліктері де жоқ болғандықтан қыстан қиналмай шығу мақсатында жалдануға мәжбүр болады» [3].

Ол жалдамалы қазақтардың ауыр тұрмысын да шындықпен сипаттады. «Бұл өңірдегі егістік егуге, -деп жазады ол,- қолайлы жерлердің барлығы ертеден-ақ иеленіліп, бөлініп қойылған, сондықтан да кедей қырғыздар өз жанұяларын аштықтан қорғау мақсатында байлардың жерлерін жалға алу арқылы егіншілікпен айналысады ... немесе тіпті болмағанда бүкіл жаз бойына қытайларға бар жанұясы, малымен кез-келген жұмысқа жалданады.

Мұнда қытайларға қызмет ете отыра қырғыз еріксізден шаруашылықты жүргізудің озық тәсілдерін үйреніп, осы арқылы өнімнің молырақ түсімі оны қызықтырады, кейбіреулері келесі жылы таудан жазыққа түспей, өзінің қыстауында қалып, Тарбағатай тауы етегіндегі сирек кездесетін қолайлы жерлерді жыртып, дән егеді. Осындай таудың оңтүстік еңістігіндегі қыстаулар жанындағы жаңа қырғыз егістіктері алыстан көрінеді.

... Әрине, өзінің болашағын сансыз көп малда деп есептейтін бай қырғыздың шаруашылықтары ешқандай өзгеріссіз қалды. Оған Тарбағатай мен Маңырақ, Майлы, тіпті Алатау аралығында көшіп жүрген қолайлы, ал орта дәрежелі ауқатты қырғыздар жар-тылай отырықшылыққа көшкен.

... Қытай қырғыздарының, жері, малдары біздің аймақ қырғыздарына қарағанда аз,

соның өзінде егін шаруашылығына арналған малдар. Олардың қыстауларынан бүкіл бір дивизионның атты әскеріне жететіндей үйілген жоңышқаны көруге болады.

... Қырғыздар бақша егумен мүлдемге айналыспайды [3].

Осы шолудағы [3] «IV. Күзуін асуынан Тополев Мысқа дейінгі аралықтың сипаттамасы» атты тарауда Тарбағатай таулары мен Зайсан көлі аңғарындағы елді мекендер мен жер жағдайына, жол қатынасына талдау жасалынған. Онда жазылғандай, “Күзуін асуынан Тополев Мысқа дейінгі аралық үш жол қатынасы арқылы жалғастырылады.

1. Зайсан қаласынан болыстық қоныстар арқылы ... оның аралығы 150 шақырым (верст) мөлшерінде.

2. Сарыөлең қонысы және Тайжүзген бекеті арқылы, қашықтығы 112 шақырым.

3. Сарыөлең қонысынан Еспе бекеті арқылы, қашықтығы 137 шақырым.

Шілікті жазығы арқылы жол Қандысу өзені жағалауымен тау аңғарына кірер жерде негізделгеніне екі-үш жыл болған Сарыөлең қонысы орналасқан.

Қоныстан 1,5 шақырым жерде егіс алқабы бар. Фельдшердің айтуынша, мал емдеу пунктін жұмыс істегеніне 5 жылдай болған. Онда мал дәрігері, фельдшер және 5 адам күзетші тұрады. Пункт саманнан салынған, маңайы қоршалған, мүмкін ол көшпенділердің шабуылдарынан қорғану үшін негізделген болар ... Айналаның барлығына арықтар тартылған. Қоныстың артқы жағынан (солтүстігінде), жағадан (Қандысудың.-Ф.Қ.) көтеріліп, әдемілеп қолдан қалағандай әсер қалдыратын Қардағаш тік жотасымен безендірілген Қандысу өзені ағып шығады.

... Бозша аңғары арқылы жол Қандысу өзенін кесіп өтіп, Сеңгір тауының батыс мүйісінен кеден қарауылы арқылы Еспе бекетіне келеді.

Көшпенділердің киіз үйлері мен ірі қара табындары сол өңірдің су мен жайылымдық шөпке бай екендігін дәлелдейді.

... Сағындық бастауынан шығатын жол бірнеше кішкене өзендер және Еспе өзені ... көптеген бұрылыстар арқылы, соңында Тайжүзген өзеніне келіп қосылады.

Тайжүзген өзені аңғарында мал азығына шөп пен су жетерлік, маңайда мал отарлары мен ауылдар көптеп көрінеді ... Тайжүзген бекетінен аталған қатынас жолы Маңырақ таулары қойнауы арқылы (Зайсан көлі.-Ф.Қ.) жағалауындағы жазыққа шығады. Осы бекет арқылы көрсетілген жолды Семей-Зайсан пошта жолы кесіп өтеді.

Тополев Мыс қонысында өнеркәсіп иелерінің, қолөнершілердің, саудагерлердің, айлақта қызмет етушілердің саманнан салынған отыздан артық үйлері бар. Мүйістің өзінде айлақтық құрылыстардан басқа (кеңселер, қызметкерлердің пәтерлері, мұнай құятын ыдыстар т.б.) Тополев Мыс қонысымен бірге өсе түскен жұмысшылар мекені орналасқан.

Менің Тополев Мыс қонысында болған кезімде жұмысшылар мекенінің болашағы шешілу үстінде болатын. Семей губернаторы мүйістің барлық аймағын жөндеп, қоныс аударып келушілерге беруге шешім қабылдады. Балықшыларда 10 аршындық аздаған ғана жерлер қалды. Балықшылар егер осы жерлерде қалғысы келсе, болашақта губернатордың құрметіне “Тройницкий” деп аталатын қоныс аумағында қалуларына рұқсат берілді.

Бұл мәселе одан ары қалай шешімін табады, Тополев Мыс қонысының келешегі қандай болатындығын анықтау қиын, себебі Қара Ертіс арқылы тұрақты кеме қатынасын орнатқаннан кейін Тополев Мыстың жүк тасудағы соңғы тоқтау орны ретіндегі маңызы едәуір азаяды» [3].

Қорыта айтқанда, Ресейдің әскери әкімшілігінің аталған экспедициясының мақсаты да көрсетілген өңірді жан-жақты зерттей отыра Ресеймен шекаралас осы аймақтарға

мүмкіндігінше әскери бекіністер, шекара жүйелерін салу, өңірді орыстармен қоныстандыру болғандығы анық.

1917 жылға дейін ондағы Приозерное, Зайсан, Алтай бекіністері нығайтылды. Бозша, Сарыөлең өңірлері орыс казактары шаруаларымен қоныстандырылды. Нәтижесінде XX ғасырдың бірінші онжылдығында Қазақстанның шығысының жоғарыда айтылған жерлері Ресей империясының құрамына толық өтіп, көпұлтты аймаққа айналдырылды. Оны әскери игеру, басқа ұлт өкілдерімен қоныстандыру ісі Кеңестік дәуірде одан ары жалғастырылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қарасаев Ғ.М. Қазақстан және Алтай өңірі XVIII-XX ғасырлар аралығында (толықтырылып, екінші басылымы). - Өскемен, 2004. -127, 196 б.
2. Омский военный округ. Военно-географическое и статистическое описание. Отдел VIII. Население / Под рук. начальника штаба округа генерал-лейтенанта Тихменева; Составитель подполковник Грудзинский. - Омск, 1910. -2-4, 22-45 с.
3. Отчет о поездке в Тарбагатайский округ Западного Китая летом 1912 года капитана Генерального штаба Щепихина // Под редакцией начальника штаба Омского военного округа генерал-лейтенанта Ходоровича. - Омск, 1913. -1, 13-14, 17, 24, 35-39 с.

06.02.08 қабылданды

